

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарлардың тізбесіне Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің 2019-nCoV коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алуға және болдырмауға бағытталған шараларды іске асыруы мақсатында өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 3 сәуірдегі № 34 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 43 және 45-баптарына, Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 16 және 18-тармақтарына, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 7 және 16-тармақтарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 21 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің 2019-nCoV коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алуға және болдырмауға бағытталған шараларды іске асыруы мақсатында Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарлардың тізбесіне мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) ЕАЭО СЭҚ ТН "2526 20 000 0-ден" коды бар позицияның алдында мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"1702 30 500 0,
2106 10 800 0,
2827 20 000 0,
2828 10 000 0,
2828 90 000 0,
2833 21 000 0,
2836 30 000 0,
2905 43 000 0,
2918 30 000 0,
2921 44 000 0,
2922 39 000 0,
2922 49 850 0,
2924 29 100 0,
2933 11 900 0,
2933 49 900 0,
3503 00 100 9,
3821 00 000 0

Дәрілік заттарды өндіру үшін пайдаланылатын тауарлар";

б) ЕАЭО СЭҚ ТН "3917-ден" коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициялармен толықтырылсын:

"3920 99 590 0-ден,

3920 99 900 0-ден, 3921 90 900 0-ден	Пластмассада жасалған зертханалық ыдыстарды жабуға және герметизациялауға арналған парафинді таспа, Parafilm пленкасы
3923 10 000 0-ден, 3923 90 000 0-ден, 4819 20 000 0-ден	Медициналық қалдықтарды қауіпсіз жинауға және кәдеге жаратуға арналған контейнерлер";

в) ЕАЭО СЭҚ ТН "3926 90 970 9-дан" коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"4202 99 000 0-ден	Зертханалық термосөмкелер";
--------------------	-----------------------------

г) ЕАЭО СЭҚ ТН "6307 90-нан" коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициялармен толықтырылсын:

"7613 00 000 0-ден	Дьюар ыдысы
8418 40 200 8-ден	Медициналық мұздатқыштар".

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді және 2020 жылғы 16 наурыздан бастап туындайтын құқықтық қатынастарда қолданылады.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения Респуб ликасынан	Беларусь Респуб ликасынан	Қазақстан Республикасынан	Қырғыз Республ икасынан	Ресей Федерац ясынан
М. Григорян	И. Петришенко	Ә. Смайылов	Э. Асрандиев	А. Оверчук